

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2020 жылға арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 529 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 қыркүйекте № 120 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексінің 117-бабының 1-тармағына және "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2020 жылға арналаған шекті мәндері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А. Сәттібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 28 тамызы
№ 529 қаулысына
қосымша

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2020 жылға арналған шекті мәндері

№ п/п	Тауарлар атауы	Бірінші тоқсан	Екінші тоқсан	Үшінші тоқсан	Төртінші тоқсан
1	2	3	4	5	6
1.	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), кг	345 тг	361 тг	391 тг	347 тг
2.	Бірінші сортты бидай ұны, кг	146 тг	147 тг	147 тг	157 тг
3.	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), кг	304 тг	299 тг	328 тг	375 тг
4.	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), кг	149 тг	145 тг	148 тг	146 тг
5.	Рожки (өлшеніп салынатын)	277 тг	272 тг	268 тг	275 тг
6.	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), кг	1912 тг	1948 тг	2022 тг	1949 тг
7.	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), кг	819 тг	808 тг	844 тг	865 тг
8.	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, л	235 тг	235 тг	232 тг	240 тг
9.	Майлылығы 2,5 % айран, жұмсақ қаптамада, л	259 тг	252 тг	251 тг	255 тг
10.	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, кг	1939 тг	1868 тг	1869 тг	1948 тг
11.	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	281 тг	276 тг	314 тг	319 тг
12.	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), кг	2360 тг	2173 тг	2224 тг	2287 тг
13.	Күнбағыс майы, л	428 тг	427 тг	427 тг	434 тг
14.	Ақ қауданды қырыққабат, кг	138 тг	107 тг	91 тг	102 тг
15.	Басты пияз, кг	98 тг	114 тг	62 тг	72 тг
16.	Асханалық сәбіз, кг	100 тг	120 тг	89 тг	80 тг
17.	Картоп, кг	112 тг	111 тг	75 тг	99 тг
18.	Ақ қант - құмшекер, кг	180 тг	194 тг	170 тг	164 тг
19.	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа), кг	49 тг	50 тг	50 тг	51 тг